

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

11.11.2022 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, АК мүшесі, академиялық персонал – У.Раметова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі –М. Жанзакова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны туралы

Тыңдалды:

АК төрағасы С.Бейсембаева 2022-2023 оқу жылының қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны бойынша Академиялық департамент ұсынысы кафедраларға таратылып және қызу талқылаудан өткені туралы айтып кафедра меңгерушілеріне талқылау нәтижесімен таныстыруды ұсынды.

Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Г.Қ. Жылқыбай:

2022-2023 оқу жылына дипломдық жоба мен дипломдық жұмыс сағаттары есептеліп, бөлініп қойды. Білімгерлерге тақырыптар ұсынылып, жетекшілер белгіленді. Бізде бітірушілер саны көп емес, барлығы - 9 жоба, 2 дипломдық жұмыс. Мектеп мұғалімдері үшін де қазіргі таңда ғылыми жобалардың маңызы ерекше. Сондықтан да осы оқу жылында өзгеріссіз қалдырып, өзгірісті келесі оқу жылынан бастау керек деп ойлаймыз. Кафедра оқытушылары да осы пікірде.

БББ атауы	Білімгер саны	Ұсынылатын форма	Саны
6B02336 - Филология: қазақ тілі	10	Дипломдық жоба	3
6B01716 - Қазақ тілі мен әдебиеті	17	Дипломдық жоба	6
6B01716 - Қазақ тілі мен әдебиеті (қысқартылған мерзімде)	2	Дипломдық жұмыс	2

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі М.Е.Сейтова:

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы даярлайтын (6B017-тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты) 6B01719, 6B01718 - Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасының қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны кафедра мәжілісінде талқыланып, білімгерлердің білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту мақсатында қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны ретінде дипломдық жоба ұсынылды.

Әлем тілдері кафедрасының меңгерушісі С.Б.Бейсембаева:

Әлем тілдері кафедрасында 2022-2023 оқу жылында 36 бітіруші-студент бар. Оның 17-сі 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті, 19-ы 6B01764 - Орыс тілінде оқытпайтын

мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша бітіреді. Біздің кафедрамызда кадр жетіспеушілігіне байланысты ОПК-ы 1,5 шт. б. жұмыс жасайды. Сол себептен қосымша сағат орындамау үшін академиялық департамент ұсынған нысанмен келіскіміз келді. Алайда, жұмыс берушілердің пікірлерін де назарға алғымыз келді. Олардың пікірлері бойынша мектеп мұғалімдері үшін қазіргі таңда ғылыми жобалардың маңызы ерекше болып тұр. Сол себептен бітіруші студенттердің ғылыми жоба дайындау дағдысын қалыптастыру үшін қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны ретінде дипломдық жоба ұсынылды.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Л.Қазыханқызы алды:

Бітірушілеріміз болашақ педагогтер ретінде әрине ҰБТ тестін тапсырып, жұмысқа орналасуға дайын болып бітіріп шыққанын оң көреміз. Себебі, мұғалім ретінде жұмысқа тұру үшін ең бірінші талап етілетін нәрсе ҰБТ тестінің сертификаты. ҰБТ тестін тапсыру біздің даярлау бағыты бойынша контингент санының жоғары болуына байланысты да тиімді деп ойлаймын.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова:

Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері үшін ғылыми жобалардың маңызы ерекше болып тұр. Кез келген мектеп мұғалімі ғылыми жұмыстарын жүргізу дағдыларын меңгерген болу керек.

Білім саласындағы мониторингтік зерттеу әдістері мен үдерістерін пайдаланып мониторингтік зерттеулерді өз бетімен жоспарлау және іске асыру, білім ортасын, білім практикасын зерттеудің принциптері мен әдістері арқылы білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностика жасау дағдыларының да болуы қажет. Ал бұл дағдыларды қалыптастыру үшін дипломдық жоба жасағаны дұрыс сияқты.

АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан:

Пікірлеріңізге толық қосыламын. Жоба жазу бұл болашақта магистрлік, докторлық диссертация жазу жұмыстарына машықтануға өте қажет деп есептеймін.

АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай:

Менің пікірім бойынша, педагогтар үшін квал. тест тапсырғанымыз дұрыс болар. Не үшін? Себебі, жобаны қорғау, оған дайындалу аса көп уақытты талап етеді. Ол жоба антиплагиаттан өтеді, плагиат табылса талапкер қайтадан оны дұрыстайды, сөйтіп талапкердің диплом алуы ұзаққа созылып кетеді. Педагогтар үшін ең дұрысы сол деп ойлаймын. Мектепте педагогтардан бәрібір квал. тестті талап етеді. Басқа салаларға, мысалы: (медицина, аударма ісі және т.б.) жоба дайындау тиімді және миға қонымды.

АК төрағасы С.Бейсембаева: Дауысқа салайық. Академиялық комитет мүшелерінің жалпы саны -12. Мәжіліске қатысқаны – 10. Дипломдық жобаға дауыс бергені - 9, Академиялық департамент ұсынысын қолдаған -1.

Шешім: Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны ретінде дипломдық жоба ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:



С. Бейсембаева

Хатшысы:



У. Раменова